

Аудиторлық ұйымдардың қорытындыларының дұрыстығын тексеру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 8 қараша N 507-ө

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті шет елден және шетелдің қатысуымен заңды тұлғалардан, оның ішінде соңғыларының аудиторлық ұйымдардың қорытындыларын беру бөлігінде жылдық бухгалтерлік баланстар мен кірістер туралы декларацияларды қабылдаған кезде "Шетел инвестициялары туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Заңының 23-бабының талаптарын мүлтіксіз орындайтын болсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетімен бірлесіп 1997 жылдың 1 маусымына дейін аудиторлық ұйымдарының аталған заңды тұлғалардың қаржы-шаруашылық қызметі жөніндегі қорытындыларының дұрыстығын тексеруді ұйымдастырсын;

аудиторлық қорытындының дұрыс еместігі анықталған жағдайда аудиторлық ұйымдарға қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, тіпті лицензияларды қайтарып алуға дейін шара қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Мемлекеттік салық комитеті Қазақстан Республикасының Үкіметіне істелген жұмыс туралы 1997 жылдың 1 шілдесіне дейін ақпарат ұсынсын.

4. Шетелдік және шетелдің қатысуындағы заңды тұлғалардан өздерінің қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау талап етілсін.

5. Осы өкім белгіленген тәртіппен жариялануға жатады.

Премьер-Министр